



## «Кселл» АҚ қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ережесі Жария құжат

Күні  
2017-06-29

Нұсқасы  
2

Беті  
1

Бекіткен  
«Кселл» АҚ Директорлар Кеңесі

Иесі  
Тронд Моз

### «КСЕЛЛ» АҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕСІ

*«Кселл» АҚ (бұдан әрі – Кселл) Telia Company компаниялар тобы Саясатының негізінде әзірленген осы Ережеде мазмұндалған қағидаларды қабылдады.*

### ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

#### Жалпы мәліметтер

Осы Ереже қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты және Кселл мен оның еншілес компаниялары үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережеде бас әріптен бастап жазылатын талаптар Міндеттер мен Өкілеттіктерді Беруде анықталған.

#### Сипаттамасы

Кселл қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі осы Ережесінде Кселл үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндетті талаптар көрсетілген.

Қауіпсіздік тиімді басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады. Кселлде қауіпсіздікті басқаруды компанияның барлық бөлімшелерімен ынтымақтаса отырып, Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімі үйлестіреді. Ол бүкіл компания бойынша қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін бақылаудан, оған қолғабыс көрсетуден және үйлестірілген шараларды іске асырудан тұрады.

### ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ

#### Қолданылу аясы

Осы Ереже Кселл мен оның еншілес компанияларына қатысты қолданылады. Еншілес компаниялар үшін осы Ереже орындалуы міндетті олардың өз ережелері ретінде қолданылады.

Осы Ереже Топты Басқару Құрылымының бір бөлігі болып табылады және шектеулерсіз мыналарды қамтиды:

а) Этика және мінез-құлық кодексі, Топ Мақсаттары, Жалпы құндылықтары, Басымдықты бағыттары, Стратегиясы, Саясаттары және Директорлар кеңесі бекіткен, Бас атқарушы директорға (БАД) арналған нұсқаулар;

б) БАД қабылдайтын шешімдер, ол бекіткен Топ Нұсқаулары және Міндеттер мен Өкілдіктерді Беру; және

с) Топтың Функционалдық Басшылары мақұлдаған Топ Нұсқаулықтары.

Осы Ережемен байланысты бірқатар Нұсқаулар мен Нұсқаулықтар бар.

#### Мақсаты

Кселлде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары қауіпсіздік талаптарын білуді және түсінуді, ағымдағы тәуекелдерден хабардар болуды, оқиғалардың және айналадағы өзгерістердің алдын алуды, сондай-ақ оларға дайындықты және қарсы әрекет ету қабілетін қамтиды.

Қауіпсіздіктің негізгі факторлары мыналар болып табылады:

- Акционерлік құнды, сондай-ақ компания активтері мен инвестицияларын қорғау.

Күні  
2017-06-29

Нұсқасы  
2

Беті  
2

Бекіткен  
«Кселл» АҚ Директорлар Кеңесі

Иесі  
Тронд Моз

- Клиент болжалдарының қанағаттандырылуын және іскерлік келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету
- Қауіпсіздіктің бұзылуы тәуекелдерінің салдарынан пайда болған компанияның бизнес стратегиялары мен мақсаттарының іске асырылуына төнетін қауіптің барынша азайтылуын қамтамасыз ету
- Қауіпсіздік саласындағы заңнама мен нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету (құқықтық нормаларды сақтау).

## ҚАҒИДАЛАР

Осы Ереже аясындағы әрекеттерге мына қағидалар қолданылуы тиіс:

Кселл компанияның тәуекелдерге ұшырауы, бизнестің құны, қорғаныстағы әлсіздік пен қауіптер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған қауіпсіздік шараларын жүзеге асырады.

Бизнесті және акционерлік құнды қорғау мақсатында персонал, клиенттер, ақпарат, АТ-инфрақұрылым, ішкі желілер және жалпы пайдаланыстағы желілер, офистік ғимараттар және техникалық құралдар сияқты активтерді қорғау шараларын қабылдау қажет. Ақпараттық қауіпсіздік ақпаратқа сенімді және қауіпсіз қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін өмірлік маңызды аспект болып табылады. Кселл бөгде тұлғаларға құпия ақпаратты рұқсатсыз жария ету жағдайларының алдын алу және оларды анықтау шараларын жүзеге асырады. Пайдаланушы құпиялылығына қатысты ақпаратқа ерекше назар аударылуы тиіс.

Компания бизнесіне әсер ететін тәуекелдер мен қауіптерді анықтау үшін өнімдер, қызметтер, сондай-ақ негізгі стратегиялық және операциялық процестер олардың тұтастай өмірлік айналымында тұрақты түрде мұқият талданып тұруы тиіс. Талдау шешім қабылдау үдерісін бағыттау, сондай-ақ нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау және тәуекелдерге ұшырау мүмкіндігін азайту үшін тиісті қауіпсіздік шараларының қабылдануын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Кселл қылмыстық әрекетке немесе алаяқтыққа жол бермейді. Қауіпсіздікпен байланысты оқыс оқиғалар мен алаяқтықтың анықталуын қамтамасыз ету және жедел әрекет ету үшін, деректерді сақтауды қоса алғанда, тиісті шаралар қарастырылуы тиіс.

Кселл барлық қызметкерлері мен желілік менеджерлері қауіпсіздікпен байланысты оқыс оқиғалар мен алаяқтық жағдайлары туралы белгіленген процедураға сәйкес хабарлауы тиіс.

Кселл өз клиенттері мен басқа да мүдделі тараптар үшін аса маңызды бизнес-функциялардың қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Бизнес талаптарына, сондай-ақ нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес қызметтердің тұрақтылығы мен қалпына келушілігін қамтамасыз ету мақсатында компания бизнесі үшін маңызы зор барлық қызметтерге қатысты бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары қолданылуы тиіс.

Кселлдің болжауға келмейтін оқиғаларға әрекет ету қабілетін қамтамасыз ету үшін дағдарыстық басқаруды ұйымдастыру және тиісті іс-әрекеттер жоспарының болуы қажет.

Түзету әрекеттерінің орындалуын және саясаттардың, нұсқаулықтар мен нормативтік-құқықтық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік аудиті (кейінгі шаралар) тұрақты негізде жүргізіліп тұруы тиіс.



## «Кселл» АҚ қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ережесі Жария құжат

Күні  
2017-06-29

Нұсқасы  
2

Беті  
3

Бекіткен  
«Кселл» АҚ Директорлар Кеңесі

Иесі  
Тронд Моз

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ереже сақталмаған жағдайда, өзіне осындай бұзушылық туралы белгілі болған кез келген қызметкер бұл туралы қаржы департаментінің директорына хабарлауы тиіс.

Бұл қағидаттар Кселлді Қазақстан Республикасының заңдары мен ережелерін бұзуға алып келмейтіндей дәрежеде қолданылады.

### **РӨЛДЕР ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Кселл БАД-на бағынатын қаржы департаментінің директоры осы Ереже мен оның іске асырылуы туралы тиісінше хабардар ету, сондай-ақ оның жауапкершілік аясына енетін қызметкерлердің осы Ережемен танысуы және қатаң түрде сақтауы үшін жауапкершілік көтереді.

Бұл ретте Кселл барлық қызметкерлері осы Ережемен танысуы, оны түсінуі және сақтауы үшін дербес жауапкершілік көтереді. Әрбір қызметкер осы Ереженің нақты немесе ықтимал бұзылуы мәселесін көтеруге және ол туралы өз көзқарасын білдіруге міндетті. Бұл Ережені бұзу еңбек қатынастарын бұзуға дейінгі тәртіптік жауапкершілікке алып келуі мүмкін.